

Сарыағаш ауданы Біртілек ауылдық округі Аққорған елді мекенінің, Құркелес ауылдық округі Жаңаталап елді мекенінің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 32-268-V шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 387 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 1 тамызда № 2750 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 1, 5 тармақтарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданы Біртілек ауылдық округіне қарасты Аққорған елді мекенінің әкімшілік шекарасына ауданның арнайы жер қорынан жалпы көлемі жер қосылып, Аққорған елді мекенінің шекарасы өзгертілсін.

2. Сарыағаш ауданы Құркелес ауылдық округіне қарасты Жаңаталап елді мекенінің әкімшілік шекарасына ауданның арнайы жер қорынан жалпы көлемі жер қосылып, Жаңаталап елді мекенінің шекарасы өзгертілсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы *Т.Усманов*

Аудан әкімі *Б.Парманов*

Аудандық мәслихат хатшысы *Б.Садықов*